

Исабек Б.Қ. 

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты,
Шымкент, Қазақстан
E-mail: barsha73@mail.ru

АКАДЕМИК Р.Б. СҮЛЕЙМЕНОВ – ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Аңдатпа. Мақалада көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рамазан Бимашұлы Сүлейменовтің өмірі мен еңбек жолы таныстырылады. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – ғалымның тұтас еңбектері таныстырыла отырып, оның отандық тарих ғылымының дамуына зор үлесін, сондай-ақ, ғылымдағы жетістіктерін, атқарған қызметтерін көрсетіп беру. Зерттеу тақырыбының практикалық маңызы – бүгінгі Шығыстану институтының негізін қалаушы ғалымның өмірі мен ғылым жолындағы ерен еңбектерін бағалау, зерееу жүргізіу, әрі нақты ғылыми ізденіс барысында практикалық қолданысқа енгізіу. Зерттеу жұмысының міндеті – академик ғалым Р.Б. Сүлейменовтің Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған 200-ден астам үлкенді-кішілі ғылыми еңбектері мен ғылым академиясында, Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында атқарған ғылыми ұйымдастырушылық қызметтерін аралау, бағалау. Зерттеудің әдісі – ғалымның маңызды-маңызды еңбектерін атаумен бірге оларғы қысқаша тоқталып талдау жасап өту. Және оның архивте сақталған мұраларын яғни қолжазбаларының түпнұсқасын салыстра қарау. Әрі бұл барыста материалдарға сараптау әдістері де қолданылды. Зерттеу нәтижесінің жаңалығы – мұнда мындай бірнеше өзекті түйіндер қаралды: бірінші, Р.Б. Сүлейменовтің өмірі мен ғылымдағы ізденіс іздері жан-жақтылы дерек көздерге сүйеніп толық қарастырылды. Екінші, ғалымның жекелеген зерттеу еңбегіне талдау жасалды.

Кілт сөздер: Р.Б. Сүлейменов, өмір жолы, шығармалары, ғылыми ұйымдастырушылық қызметтері.

Кіріспе

Көрнекті ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Рамазан Бимашұлы Сүлейменов отандық тарих ғылымының дамуына зор үлес қосқан ірі тарихшылардың бірі. Бұған, біріншіден Рамазан Бимашұлының Қазақстан тарихының мәселелеріне арналған 200-ден астам үлкенді-кішілі ғылыми еңбектері, екіншіден, Ғылым академиясы мен Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында атқарған ғылыми ұйымдастырушылық қызметтері дәлел бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақалада ғалымның маңызды-маңызды еңбектерін атаумен бірге оларға қысқаша тоқталып талдау жасап өту. Және оның архивте сақталған мұраларын яғни қолжазбаларының түпнұсқасын салыстра қарау. Әрі бұл барыста материалдарға сараптау әдістері де қолданылды.

Рамазан Бимашұлы Сүлейменов 1931 жылы 17 ақпанда Ақмола қаласында (қазіргі Астана қаласы) дүниеге келген. Рамазан Бимашұлының өмір жолына, тағдырына әсер еткен себеп-салдарлар жиынтығы сан-салалы болып келді. Мәселен, 1930 жылдардағы аштық пен Сталиндік қуғын-сүргін, Ұлы Отан соғысы, 1940-жылдардың екінші жартысы мен 1950

жылдардың басындағы саяси науқандар – ұлтшылдармен, космополиттермен күрес, т.б.с.с. – жас Рамазанның санасына, дүниетанымына, мінез-құлқына үлкен әсер етіп, өркенді істі білімнен іздеді. Сондықтан ол 1951 жылы Қазақ Мемлекеттік Университетінің философия факультетіне оқуға түсіп, 1954 жылы факультеттің таратылуына байланысты тарих факультетіне ауысады. 1956 жылы аталмыш оқу орнын үздік бітірген Р.Б. Сүлейменов Қазақ КСР Ғылым академиясы тарих, археология және этнография институтына аспирант болып қабылданады.

Білім алған жылдарына дөп келген ірі қоғамдық саяси сілкіністер - Сталиннің өлімі, жеке басқа табынушылықпен күрес, оның зардаптарын жоюдың қолға алынылуы, тың игеруге байланысты Қазақстанда туған демографиялық тасқын, заңғар жазушы М.О. Әуезовтің басшылығымен жүргізілген аспиранттық ізденістер – бәрі Р.Б. Сүлейменовтің өміріне үлкен өзгерістер әкелуіне себепші болды.

1959 жылы аспирантураны бітірген Р.Б. Сүлейменов тарих, археология және этнография институтында кіші ғылыми қызметкерлікке қалдырылды [1]. Бұл Рамазан Бимашұлының қазақ мәдениеті тарихының көрнекті зерттеушісіне айналуының алғашқы басқышы еді.

Талқылау

Өркім өз заманының перзенті. Рамазан Бимашұлы да тоқырау заманында орныққан ережелерге, саяси ұстанымдарға, теориялық қағидаларға ашық қарсы келе алмады, заман талабы оны көтермеді. Сондықтан да оның шығармаларында социалистік жүйені дәріштеген, насихаттаған сәттер аз емес. Дегенмен ғалымның ізденістерге толы табиғатында қасаң социалистік идеяларға сәйкес келе бермейтін ойлар әр жерден байқалып қала берді. Сол тылсым қабілет 1985 жылдың көктемінде басталған қайта құру кезінде ерекше байқалды. Бұл тұста Р.Б. Сүлейменов ғылыми және ғылыми ұйымдастырушылық қызметіндегі ең биік баспалдақтарға көтерілді.

Рамазан Бимашұлының нағыз ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің бастау алған уақыты – 1974жыл.

Қазақ КСР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтында Қазақстанның мәдениеті тарихын зерттеу бөлімін құру қажеттігін тарихшылар қауымы 70 жылдары күн тәртібіне қоя бастаған. Бұл идеяның негізгі бастаушысы, инициаторы мәдениет құрылысы тарихынан танымал маман, тарих ғылымдарының докторы Р.Б. Сүлейменов болатын. Өйткені ол 1961 жылы «1933-1940 жылдардағы Қазақстандағы мәдени құрылыс» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, бұдан кейінгі зерттеу жұмыстарына ұлт республикасындағы мәдени прогресстің тарихи тәжірибесі арқау болады. Сонымен бірге оның 1972 жылы жарық көрген «Мәдени революцияның лениндік идеялары және олардың Қазақстанда жүзеге асырылуы» деген докторлық ғылыми монографиясы да Қазақстандағы мәдени құрылыстың жүзеге асуына арналған болатын. Бұл монография бүкіл Одақ бойынша жоғары бағаланып, ол сол жылы осы тақырыпта Мәскеу қаласында докторлық диссертация қорғады.

1973 жылы осы монографиясы үшін Р.Б. Сүлейменов Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлығының иегері атанды.

Соның арқасында Р.Б. Сүлейменовтің алдынан ғылыми-ұйымдастырушылық қызметтің көкжиектері ашылды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР Ғылым Академиясы Президиумының 1974 жылғы 28 тамыздағы қаулысымен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының құрамында Кеңестік Қазақстан мәдениетінің тарихы бөлімі құрылды [2].

Қазақ КСР Ғылым Академиясы Президиумының 1974 жылғы 12 желтоқсандағы № 178 қаулысымен «Кеңестік Қазақстанның мәдениет тарихы» бөлімінің меңгерушісі болып тарих ғылымдарының докторы Рамазан Бимашұлы бекітілді [3].

Жаңа іс жақсылығымен танымал. Ол үшін Рамазан Бимашұлы бөлім құрылған күннен бастап, республикада жүргізілген мәдениет құрылысының мәселелерінің жеткен жетістіктері мен кемшіліктерінің барысын баяндайтын материалдары мен архивтердегі құжаттарды, деректерді саралап, ғылыми өндеп көпшілік қауымға жеткізуге аса көңіл бөлді.

Бөлімнің жұмысын жолға қою мақсатымен Р.Б. Сүлейменов 1920-1930 жылдардағы мәдени процесті бейнелейтін құжаттардың жинақталу ерекшелігі мен қиындығын әрқашан еске салып бағыт беріп отырды. Өйткені, Қазақстандағы жаңа мәдениетті қалыптастырудың алғашқы дәуірдегі тарихы, білім беру ісінің ұйымдастырылуы, мәдени-ағарту мекемелерінің жүйесі, идеологиялық күрес мәселелері, бұл жылдары тек газет-журнал беттерінде мақала түрінде көрініс тапқан болатын.

Рамазан Бимашұлы мәдениет тарихы бөлімін басқара жүріп, республикадағы және республикадан тыс жерлерде өткен ғылыми-теориялық конференцияларға қатысты, мәдениеттану саласы бойынша ғылыми мамандардың қалыптасуына көңіл бөлді.

1970-ші жылдардың екінші жартысында Р. Сүлейменовтың төрағалық етуімен бөлім отырыстарында К. Дәулетова, Л. Ищенко, М. Ерзин, Қ. Жоламанов, С. Ахметова т.б. ізденушілердің кандидаттық және докторлық диссертациялары талқыланды. Мәдениет тарихын зерттейтін жас ғалымдар тобы – Х. Абжанов, Н. Кенжебаев, С. Асанова, Р. Балғозина, С. Әбубәкіровтер іріктеле басталды.

Р. Сүлейменовтың ғылыми ортадағы беделі мен белсенді қызметі арқасында бөлімнің одақтас республикалармен байланысы да жандана бастады. Мәселен КСРО ҒА құрамындағы КСРО тарихы институтынан С.А. Куманев, В. Ермаков, академик М.П. Ким бөліммен байланыстарын нығайта түсті. 1977-1980 жылдары ғалым басқарған бөлім «Орта Азия мен Қазақстандағы халықтардың мәдени прогресінің тәжірибесі» деген ұжымдық монографияны жазуға Тәжікстанның, Түркменстанның, Қырғызстанның, Өзбекстанның тарихшыларымен, филологтарымен, философтарымен пікір ортақтастырды. Жұмыстың үйлестірушісі тәжікстандық тарихшылар болғанымен, олар әрқашан қазақ ғалымымен ақылдасуына тура келді. Монография 1987 жылы «Исторический прогресс социалистических наций» деген атпен Мәскеуден жарық көрді.

Рамазан Бимашұлы өзінің іргелі еңбектерімен әрі Кеңестік Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімін ұйымдастырушысы және алғашқы басқарушысы ретінде «республиканың мәдениет тарихы саласындағы болашағы зор ғылыми бағытты және ғылыми мектептің негізін салушы» болып тарихта қалды[4].

Тағы бір ойға алар жай 1970-ші жылдардың аяғына дейінгі Қазақстанда шығыстану мәселелерін тарих ғылымы тұрғысынан зерттейтін арнайы не сектор, бөлім болған жоқ.

Шығыстанулық зерттеулер жүргізудің тәп-тәуір дәстүрі бар Қазақстанға олқылықтың орнын толтыруға бағытталған жаңа бағдардың ұйымдық жағынан қалыптасып, ғылыми-кадрлық потенциалының өркендеуіне жауапкершілік Р.Б. Сүлейменовке жүктелген еді. Бұл үлкен ғалым еңбегінің екінші қыры.

Сонымен, 1979 жылдың наурыз айында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында Шығыстану бөлімі ашылды. Құрылған күннен бастап шығыстану бөлімі мен мәдениет тарихы бөлімінің меңгерушілігін Р.Б. Сүлейменов қатар алып жүрді[5]. Тек Қазақ КСР Ғылым Академиясы Президиумының 1980 жылғы 12 маусымдағы № 115 қаулысымен ғана ол мәдениет тарихы бөлімінен босатылып, шығыстану бөлімі меңгерушілігіне біржолата ауыстырылды[6].

Жоғарыда айтқандай, 1970-ші жылдары республиканың шығыстану ғылымы аса өркендемеген еді, өйткені республика жоғары оқу орындары шығыстанушы мамандарды

даярламайтын. Сондықтан бөлім құрамы Ташкент, Душанбе, Ленинград, Владивосток, Мәскеу қалаларындағы арнайы шығыстану мектептерін бітірген мамандармен толықтырылды. Р.Б. Сүлейменов шығыстанушы ғалымдарды өзімізде даярлау ісімен жүйелі түрде шұғылданып, Қазақстанның бұл ғылым тарауын дамытуда маңызды роль атқарады-ау деген талантты жастарды жинап, бағыт беріп өсуіне жәрдемдесті. Мәскеудің, Ленинградтың ғалымдарымен тікелей өзі келісіп, қабілетті деген жас мамандарды аспирантураға, стажировкаға жіберіп, қабылдатты.

Р.Б. Сүлейменов Отандық шығыстанудың хал-жағдайы, міндеттері алдағы кезеңде атқаратын жұмысы туралы бүкілодақтық шығыстанушылардың бас қосқан жиындарында, конференцияларда сөз сөйлеп, оған арналған ғылыми-зерттеу еңбектерді редакциялауға өзі тікелей қатысып отыратын. Осы кезеңнен бастап ғалым еңбектерінің мазмұны мәдениеттанудан гөрі шығыстануға көбірек ойысты, отандық шығыстану тарихнамасына арналған зерттеулер жариялады. Соның нәтижесінде XIX ғасырдағы қазақ халқының тамаша ғалымы, шығыстану ғылымы аспанының «жарқыраған жұлдызы» Шоқан Уәлиханов пен XVIII ғасырда халқымыздың басына ауыр күн туып, жерімізге көз тігушілердің күшейіп ел болып қалу, қалмау мәселесі күн тәртібінде тұрған қиын-қыстау кезеңде тарих сахнасына шығып, елді біріктіріп, жан аямай күрескен ірі тұлға, дипломат, көреген саясаткер Абылай ханға арналған кітаптар жарық көрді [7].

«Абылай есімі тарихымыздың ескерілмей, қалтарыста елеусіз жатқан беттерінің бірі. XIX ғасырдың сонау 60-шы жылдарында Шоқан Уәлиханов жариялаған "Абылай" деп аталатын шағын ғана мақаладан басқа, күні бүгінге дейін бұл кісі жөнінде жазылған бірде-бір зерттеудің болмай келуі өкінішті-ақ», - деп жаза отырып Р.Б. Сүлейменов Кеңестік дәуір кезінде-ақ тайсалмай Абылай хан туралы зерттеуін бастаған еді. Жеке басқа табыну мен әміршіл-әкімшіл жүйе тұсында хандар мен сұлтандардың өмірі мен қызметін зерттеуге тыйым салынғаны белгілі. Соның дәлелі Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Моисеевтің «XVIII-ші ғасырдағы Қазақстанның тарихынан» деген кітабы (алғашқы аты «Абылай» болған) жоғары партия органдарындағылар хан Абылайдың атымен аталуы тиіс емес деп есептеп, еңбектің атын өзгертті.

Алғашқы кезеңде шығыстану бөлімінде араб, парсы, түркі тілдерінен маманданған тарихшылардың жоқтығына байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі бағыты XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ-қытай қарым-қатынастары мәселесін зерттеуге арналды. Тақырыпты зерттеудің күрделілігі, қажетті материалдардың Алматы қаласы кітапханаларында жоқтығы, қытай деректемелерімен жұмыс істеудің өте қиындығы, қажымай еңбектену мен көп уақытты әрі күш-жігерді талап ететіндігі, бөлім қызметкерлерінің қытай жөнінде шығатын бірде-бір ғылыми журналды ала алмауы қиындықтар туғызып, Рамазан Бимашұлы КСРО ҒА Шығыстану институтының директоры академик Е.М. Примаковпен, осы институт директорының орынбасары КСРО ҒА корреспондент-мүшесі Г.Р. Киммен, КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтының директоры КСРО ҒА корреспондент-мүшесі М.И. Сладковскиймен тікелей келіссөздер жүргізіп, жаңадан ашылған шығыстану бөлімін қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етіп, жас мамандардың жетекші шығыстану орталықтарында тағылымдамадан өтуіне қол жеткізуі де шүбәсіз шындық [8].

Шығыстану бөлімінің жұмысын алға жылжыту үшін Рамазан Бимашұлы 1981 жылы Қазақ КСР ескерткіштерді қорғау және мәдениет орталық қоғамы Президиумының жанынан құрылған шығыстану секциямен байланысты нығайтуды қолға алды.

1981 жылы 10 қарашада Қазақ КСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы шығыстану секциясының мәжілісінде алыстағы аудандардағы және шет республикаларда өмірсүрген қазақ халқының тарихы мен мәдениетінен хабар беретін шығыстық қолжазбалардың фотокөшірмесін, микрофильмін түсіріп, зерттейтін археографиялық

экспедиция құрылды. 1981-1983 жылдары Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институты шығыстану бөлімінің қызметкерлері Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының қаржылай қолдауымен Душанбе, Мәскеу, Қазан, Түмен, Тобыл қалаларына археографиялық экспедициялық сапарға барып қайтты. Соның нәтижесінде зерттеулердің деректемелік негізі кеңейді, Қазақ халқының тарихи дамуы, салт-дәстүрі жөніндегі деректердің белгілі бір бөлігі ғылыми айналымға енді. Археографтар тапқан қолжазбалардан орта ғасырлар мен одан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның тарихы мен мәдениеті және оның іргелес мемлекеттермен, халықтармен байланысы жөнінде көптеген құнды мәліметтер табылды.

Бөлім жұмысының тағы бір ірі еңбегінің нәтижесі 1984 жылы «Цин империясы мен Қазақстан» атты құжаттар жинағын даярлауды (көлемі 46 б.т.) аяқтауы болып табылды. Жинақ КСРО ҒА Шығыстану институтында (Б.П. Гуревич), КСРО ҒА Қиыр Шығыс институтында (В.С. Мясников) жақсы бағаға ие болды»[9]. Сонымен қатар бөлім жинақтаған құжаттар 1989 жылы Мәскеу қаласында екі том болып "Международные отношения в Центральной Азии XVII-XVIII вв.", Алматыда "Цинская империя и казахские ханства XVIII-XIX вв" (екі бөлімнен тұрады) деген атпен Р.Б. Сүлейменовтің редакциясымен жарық көрді [10].

Осылайша, қысқа мерзім ішінде Қазақстан ғылымының тағы бір іргелі саласы-шығыстану ғылымы калыптасты. Р. Сүлейменовтің іскер ұйымдастырушылық қызметімен Қазақстандық шығыстанушылар Мәскеудегі, Ленинградтағы, Тәшкен мен Душанбедегі, Баку мен Новосибирскідегі әріптестерімен бірігіп күрделі зерттеулерді жүзеге асыруға қолы жетті. Бөлімнің М.Х. Әбусейітова, В.А. Моисеев, К.Ш. Хафизова, Т. Бейсембиев, К. Сыроежкин, А. Сұлтанғалиева, Р. Мұстафина, Ж. Жапбасбаева тәрізді зерттеушілерінің қаламынан туған ғылыми-зерттеулер оқырмандарына жол тапты.

Атақты ғалым басқарған шығыстану бөлімінің табыстары Қазақ КСР ҒА басшылығы тарапынан қолдау тауып, ол 1984 жылы Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты құрамындағы шығыстану секторы болып қайта құрылып, ол екі бөлімнен тұрды: Шығыстың мәдени мұраларын зерттеу бөлімі (меңгерушісі Р. Сүлейменов), Азияның жапсарлас елдері тарихы бөлімі. Екі бөлімде 24 адам жұмыс істейді[11].

1985 жылдың қарсаңында Қазақ КСР ҒА вице-президенті академик З.А. Ахметовқа жазған іс қағазында Р. Сүлейменов шығыстанулық зерттеулерге жыл сайын 40 б.т. көлемде жоспарлы басылымға рұқсат беруді сұрайды[12].

Бірақ осы 1985 жылы Қазақ КСР ҒА құрамында ұйғыртану институты құрылды да, Азияның жапсарлас елдері тарихы бөлімі соның қарауына беріліп, шығыстың мәдени мұраларын зерттеу бөлімі Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімі болып қайта құрылды. Бұл бөлім Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология графия институты құрамына кіріп атақты ғалым өз жұмысын ары қарай жалғастырды.

Зерттеу нәтижелері

1974 жылы Рамазан Бимашұлы мәдениет тарихының көрнекті зерттеушісі ретінде бөлім меңгерушісі қызметіне кіріссе, 1979 жылы шығыстану бөлімін құрғанда өзінің ғылыми- ұйымдастырушылық және шығармашылық қызметінің жаңа бір бағытын бастаған еді. Жұрт мойындаған табыстарға жетуі үшін оған бар болғаны 5-6 жыл ғана қажет болыпты. Осының өзі таланттың кемелдігін, үздіксіз өсу мен талмай ізденістің үстінде жүретінін дәлелдесе керек.

Соғыстан кейінгі жылдарда Отандық тарихты зерттеудің ірі орталығына Тарих, археология және этнография институты айналған еді. Бұл жылдары институт қабырғасында Ә. Марғұлан, Б. Сүлейменов, Х. Арғынбаев, В.Я. Басин, М. Асылбеков, К. Нұрпейісов, Т. Балақаев, О. Исмағұлов тәрізді белді де белгілі ғалымдар еңбек етті. Ширек ғасырдан астам

уақыт бойы институт басшылығында академик А.Н. Нүсіпбеков, оның орынбасары қызметінде Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі Г.Ф. Дахшлейгер қызмет істеді [13].

Тарих, археология және этнография институтында еңбек жолын 1950-ші жылдар аяғында кіші ғылыми қызметкерден бастаған Рамазан Бимашұлы ширек ғасырдай уақыт өткенде институт басшысына дейін көтерілді.

Қазақ КСР Ғылым Академиясы жалпы жиналыс сессиясының қаулысымен 1985 жылғы 11 сәуірде Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі Сүлейменов Рамазан Бимашұлы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының директоры болып тағайындалды [14].

Ғалым енді көптеген мәселелермен айналысатын болды: институттың кадрлық потенциалын нығайту, ғылыми-зерттеу жұмыс жоспарының орындалуын қамтамасыз ету, қоғамдық ғылымдар институттарымен іскерлік байланысты нығайту, жарияланымдардың биік ғылыми-теориялық деңгейі үшін күресу т.б.

Жаңа директордың ең алдымен қолға алған шаруасы – тарих, археология және этнография институтындағы бөлімдердің аттары мен ғылыми бағыттарын саралау еді.

Институт құрамы мынадай 12 бөлімнен және бір лабораториядан тұрды: археология, этнография, алғашқы қоғам археологиясы, орта ғасырлар археологиясы, Қазақстанның көне және орта ғасырлар тарихы, шығыстану, Қазақстандағы мәдени және тарихи ескерткіштер мәліметі, Кеңестік Қазақстан тарихнамасы, Қазақстанның Кеңес дәуіріне дейінгі тарихы, Қазақстандағы Октябрь революциясы және азамат соғысы тарихы, Кеңестік Қазақстанның индустриялық дамуы және жұмысшы табы тарихы, Кеңестік Қазақстанның ауыл және шаруа шаруашылығындағы социалистік өзгерістер тарихы бөлімдері, археологиялық технология лабораториясы. Осылайша, бұрынғы социалистік құрылыстың тарихы, коммунистік құрылыстың тарихы деген жалпылама атаулы бөлімдер орнына проблемаларды зерттеуге бағындырылған бөлімдер дүниеге келді.

Тарих ғылымының даму болашағын жақсы түсінген Р.Б. Сүлейменов Қазақ КСР Ғылым академиясының құрамында археология институтын құруға әрекет жасады, тіпті республикалық партия ұйымының алдына мәселе етіп қоюдан тайынған жоқ. Мәселен, 1980-ші жылдардың аяғына қарай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне Қазақ КСР ҒА вице-президенті Ж. Әбділдин, институт директоры Р. Сүлейменов, бір топ археологтар мен тарихшылар қол қойып, археология институтын құрудың толғағы әбден жеткенін дәлелдейтін өтініш жасады. Оның негізгі мазмұны-археолог ғалымдардың шоғыры өсіп шықты, рухани және материалдық мәдениет мұраларының жойылып кету қаупі төніп тұр деген еді.

Мәселенің түйіні 1991 жылы шешілді: Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтындағы археологиялық орталық негізінде Ә. Марғұлан атындағы археология институты шаңырақ көтерді [15].

Сонымен бірге Рамазан Бимашұлы Сүлейменов институт директоры болып қызмет істеген жылдары Қазақстанның тарих ғылымын дамытуға арналған халықаралық, бүкілодақтық, республикалық конференцияларды ұйымдастырудың ұйытқысы болды. Есімі институт атына берілген қазақ ғалымы Ш.Ш. Уәлихановтың 150 жылдық мерейтойына арнап Ш.Ш. Уәлиханов шығармашылығының қайта шығуына және оған арнап халықаралық және бүкілодақтық конференциялардың өтуіне күш салды, ғалымның дүниежүзілік ғылымға қосқан бағалы үлесі туралы ғылыми көпшілік қауым алдында сөз сөйлеп, дәлелді баяндамалар жасады. 1985 жылы қыркүйек айының 16-21-ші жұлдызы аралығында Алматы қаласында Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының базасында ЮНЕСКО ұйымы «Орталық Азиядағы орта ғасырлардағы мәдени-тарихи процестер» атты халықаралық конференция өткізді. Конференцияға дайындықтар жасау және өткізу барысындағы ұйымдастыру жұмыстары Ш. Уәлиханов атындағы Тарих,

археология және этнография институтына жүктелді. Ол үшін институтта 30 адамнан тұратын жұмысшы тобы құрылып, оған жетекшілікті Р.Б. Сүлейменов жасады. Конференция жұмысына Орталық Азия аймағына жататын Моңғолия, Үндістан, Иран, Пәкістан, Түркия елдерінен және Америка Құрама Штаттары, Алмания, Венгриядан бұрынғы Кеңес Одағы құрамына кірген Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан, Бурят және Қалмақ АКСР-і өкілдері мен Мәскеу, Ленинград шығыстанушылары келді. Конференция жоғары ғылыми-теориялық деңгейде өтті. Конференцияға қатысушылар ұйымдастыру комитетінің жұмыстарына алғысын айтты. Сондай-ақ, ол 1987 жылы қазан айында Алматыда өткен «Көшпенділер мәдениеті мен ерте дүние цивилизациясының өзара ықпалы» тақырыбындағы кеңес-француз симпозиумының ұйымдастырушысы болды.

Рамазан Бимашұлы институт директоры бола жүріп, сонымен бір мезгілде, 1986 жылғы маусымнан бастап Республика Ғылым академиясының 6 гуманитарлық институтының ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін бақылап, бағыт беріп отыратын қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы міндетін атқарушы, 1987 жылғы 24 сәуірден бастап Қазақ КСР Ғылым академиясы жалпы жиналысының шешімі мен сайлау қорытындысы бойынша қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы болып сайланды [16]. Осылайша, Р.Б. Сүлейменов ғылыми қызметінің ең биік сатысына көтерілді.

Р.Б. Сүлейменовтің Институт директоры, кейін қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы болып тағайындалуы еліміздегі қайта құру науқанымен дөп келді. Мемлекеттер арасындағы темір перде бұзылып, аралас-құралас ұлғая түсті. Бұл да ғалымның тағдыры мен ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінен көрініс тауып жатты.

1985 жылы ол шетелдермен достық және мәдени байланыстар қоғамы басқармасының мүшесі, ал 1986 жылы Совет-Қытай достық қоғамы Қазақ бөлімшесі төрағасының орынбасары болып сайланды.

Екі қызметті қатаралып жүру қиын болғандықтан, 1988 жылы маусым айында өз өтініші бойынша Р.Б. Сүлейменов Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты директоры қызметінен босатылды.

1985 жылы сәуірде басталған қайта құру процесіне байланысты елде жариялылық пен демократияға жол ашыла бастады. Бірақ қоғамдық-саяси ахуалға іргелі өзгерістер орныққанмен кедергілер де аз емес еді. Қоғамдық ғылымдар саласында қордаланып қалған мәселелерді зерттеуге қоғамтанушы ғалымдарға сара жол ашылды деуге әлі ерте болатын. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы «қазақ ұлтшылдарының» әрекеті деп бағаланып, қоғамдық ғылым өкілдерінің зерттеулеріне өз көлеңкесін тигізді, 1930-шы жылдары қуғынға ұшыраған ғалымдар мен ақын-жазушыларды, өнер қайраткерлерін ақтау процесін кейінге қалдыруға тура келді. Дегенмен Р.Б. Сүлейменовтің басшылығымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының Ш. Құдайбердиевтің, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Жұмабаевтың, Ж. Аймауытовтың есімдері мен творчествосын ақтау жөніндегі шешімдерін орындауға үлкен ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізіліп жатты. Бөлімше қызметкерлеріне аталған қайраткерлердің өмірі мен ғылыми мұрасын зерттеу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

Республика ғылымын дамытуға ерекше еңбек сіңірген Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың есімін халық жадында ұмытылмастай қалуына күш жұмсай отырып Рамазан Бимашұлы 1989 жылы «С.Ж. Асфендияров: уақыт, өмірі мен творчествосы» деген тақырыпта ғылыми-практикалық конференцияны өткізуге үлкен еңбек сіңірді. Осының алдында ғана Р. Сүлейменовтің тікелей араласуымен Қазақстан Үкіметінің қаулысы қабылданып, С. Асфендияров есімі Алматы Мемлекеттік медицина институтына берілген еді.

Қазақ КСР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик хатшысы Р. Сүлейменовтің ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі өмірдің басқа салаларын да қамтып жатты. Айталық, 1980-ші жылдар аяғында Сталиндік репрессия құрбандарын ақтау мен әділеттілікті қалпына

келтіру үшін республикада "Әділет" қоғамы құрылды. Р. Сүлейменов осы қоғамның төрағасы орынбасары болды. Қоғамның құрылтай жиналысында бас баяндаманы жасаған ол трагедиялық оқиғаларды қайталамау үшін, шындық пен әділеттілікті нығайту мақсатында жүзеге асыруға тиіс шаралар ұсынды.

Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы ретінде Рамазан Бимашұлы Моңғол Халық Республикасы Ғылым академиясы Түркология институтының жетекші ғалымдары, Корей Халық-Демократиялық Республикасы Қоғамдық ғылымдар академиясының ғалымдар делегацияларын, америка ғалым археологтарын, түркологтарын, тарихшыларын қабылдап, ғылыми ынтымақтастық жөнінде келіссөздер жүргізді. 1986 жылы құрамына Қырғызстанның, Өзбекстанның, Қазақстанның ғалымдары, жазушылар мен журналистері кірген делегацияны басқарып Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданына барып қайтты.

Ғалымның жігерліеңбегі мен іскерлік қабілетінің арқасында 1992 жылы ақпанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының төралқасы Ұйғыртану институтының жанынан шығыстану орталығын құру туралы қаулы қабылдады[17]. Орталық жетекшісі болып Р.Б. Сүлейменов тағайындалды. Бірақ оны басқару Рамазан Бимашұлының маңдайына жазылмады, оған мезгілінен бұрын жеткен сұм ажал мүмкіндік бермеді. Ғалым еңбегінің бағасы ретінде Орталыққа 1994 жылы Р.Б. Сүлейменовтің есімі берілген еді. Бұл орталық 1996 жылы Шығыстану институты болып қайта құрылды.

Қорытынды

Қорытындылай айтар болсақ, Р.Б. Сүлейменов ғылыми жұмыстардың ұйымдастырушысы және ғалым болумен бірге ұлағатты ұстаз да бола білді. Оның ғылыми басшылығы мен қамқорлығының арқасында 3 докторлық, 30-ға жуық кандидаттық диссертация жазылып, қорғалды. Бүгінгі күні Рамазан Бимашұлының шәкірті, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ханкелді Махмұтұлы Әбжанов ұстаздық жолын жалғастырып, әртүрлі ғылыми мекемелерде қызметін абыроймен атқарып келеді.

Академик Рамазан Бимашұлы Сүлейменов ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметі арқасында отандық тарих ғылымының дамуына сүбелі үлес қосты.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының (бұдан былай ҚР ҰҒА) мұрағаты. 2-қор, 1 б-л тізбе, 586-іс, 44-парақ.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы Тарих және этнология институтының (бұдан былай ҚР ҰҒА ТЭИ) мұрағаты. 11-қор, 1-тізбе, 1118-іс, 5-парақ.
3. Сонда 11-қор, 1-лд тізбе, Іг 319, 114-п.
4. Рамазан Бимашұлы Сүлейменов Алматы «ғылым» 1991. 24-бет.
5. ҚР ҰҒА ТЭИ мұрағаты. 11-қор, 1-лд тізбе, Іг 319, 117-п.
6. ҚР ҰҒА мұрағаты. 2-қор. 1 б-л-тізбе, 586-іс, 84-п.
7. Сүлейменов Р. Б. Моисеев В. А. Шоқан Уәлиханов — шығыстанушы. Алматы, 1985. 112 б; Сүлейменов Р.Б. Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века (О внешней и внутренней политике Аблая). - Алма-ата, 1988. С. 142.
8. ҚР ҰҒА мұрағаты. 11-қор, 1-тізбе. 1564-іс. 1481-іс.
9. Сонда, 1488-іс, 6-7 -п.
10. Рамазан Бимашұлы Сүлейменов. - Алматы, 1991. 64-б.
11. ҚР ҰҒА мұрағаты. 11-қор, 1 -тізбе, 1789-іс, 14-п.
12. Сонда, 13-п. Қараңыз: Национальная Академия наук Республики Казахстан. Энциклопедический справочник. Алматы, 1996; Козыбаев И. М.

13. Историография Казахстана: уроки истории. - Алматы, 1990.
 14. ҚР ҰҒА мұрағаты. 2-қор. 1 б-л-тізбе. 586 -іс, 88-п.
 15. Вестник АН Каз ССР 1991. -N11.-С.4; Академия Наук Республики Казахстан. Алма-Ата, 1992. - С. 192.
 16. ҚР ҰҒА мұрағаты. 2-қор. 1 б-л тізбе. 586 іс, 94-95 п.
- Об организации Центра востоковедения Академии Наук Республики Казахстан //Вестник АН КазССР. 1992. N 4. С. 15.

References:

1. Archive of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred to as the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan). Fund 2, list 1 b-l, 586-case, page 44.
 2. Archive of the Institute of History and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (hereinafter referred to as the Institute of History and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan). Fund 11, list 1, 1118-ic, sheet 5.
 3. Then 11th fund, 1st list, lg 319, item 114.
 4. Ramazan Bimashuly Suleymenov Almaty «Science» 1991. p. 24.
 5. The archive of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Fund 11, 1st list, lg 319, item 117.
 6. Archive of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Fund 2. 1 b-l-list, 586-ic, item 84.
 7. Suleymenov R. B. Moiseev V. A. Shokan Ualikhanov is an orientalist. Almaty, 1985. 112 p.; Suleymenov R. B. Moiseev V. A. Iz istorii of Kazakhstan XVIII century (On external and internal politics Ablaya). - Alma-Ata, 1988. S. 142.
 8. Archive of the National Football Association of the Republic of Kazakhstan. Fund 11, list 1. 1564-ic. 1481-ic.
 9. Then, 1488-ic, 6-7 -p.
 10. Ramazan Bimashuly Suleymenov. - Almaty, 1991. 64-6.
 11. Archive of the National Archives of the Republic of Kazakhstan. Fund 11, list 1, 1789-ic, item 14.
 12. Then, item 13. See: National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Encyclopedic reference book. Almaty, 1996; Kozybaev I. M.
 13. Historiography of Kazakhstan: uroki istorii. -Almaty, 1990.
 14. Archive of the National Football Association of the Republic of Kazakhstan. Fund 2. 1 b-l-list. 586 -ic, item 88.
 15. Vestnik AN Kaz SSR 1991. -N11.-S.4; Akademiya Nauk Respubliki Kazakhstan. Alma-Ata, 1992. - S. 192.
 16. Archive of the National Football Association of the Republic of Kazakhstan. Fund 2. List of 1 pages. 586 ic, 94-95 p.
- About organizations Centera vostokovedeniya Akademii Nauk Respubliki Kazahstan //Vestnik AN KazSSR. 1992. N 4. S. 15.

Исабек Б.К.

*Казахстанский государственный педагогический институт, Шымкент, Казахстан
E-mail: barsha73@mail.ru*

**АКАДЕМИК Р.Б. СУЛЕЙМЕНОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬ
ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ НАУКИ**

Аннотация. В статье представлены жизнь и деятельность выдающегося ученого, академика Национальной академии наук Республики Казахстан, доктора исторических наук, профессора Рамазана Бимашулы Сулейменова. Основная цель научно-исследовательской работы – представить все достижения ученого, показать его большой вклад в развитие отечественной исторической науки, а также его научные достижения и заслуги. Практическая значимость темы исследования заключается в том, чтобы оценить жизнь основателя Института востоковедения и его великие труды в области науки, провести анализ и применить его на практике в ходе реальных научных исследований. Задача научно-исследовательской работы – учёный академик Р.Б. Посещение и оценка более 200 больших и малых научных работ Сулейменова по проблемам истории Казахстана и научно-организационных услуг, выполненных им в Академии наук, Институте истории, археологии и этнографии им. Ш. Валиханова. Метод исследования заключается в названии наиболее важных работ ученого и их кратком анализе. И присмотреться к его рукописям, хранящимся в архиве, то есть к оригиналам его рукописей. В процессе также использовались методы анализа материалов. Новизна результатов исследования заключается в том, что здесь было рассмотрено несколько актуальных моментов: первый, жизнь Р.Б. Сулейменова и следы его поисков в науке были подробно рассмотрены, опираясь на исчерпывающие источники. Во-вторых, был проведен анализ отдельных исследовательских работ ученого.

Ключевые слова: Р.Б. Сулейменов, его жизнь, творчество, научно-организационная деятельность.

Isabek B.K.

Kazakhstan State Pedagogical Institute, Shymkent, Kazakhstan

E-mail:barsha73@mail.ru

ACADEMICIAN R. B. SULEIMENOV – AN OUTSTANDING REPRESENTATIVE OF NATIONAL HISTORICAL SCIENCE

Abstract. The article presents the life and work of an outstanding scientist, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Historical Sciences, Professor Ramazan Bimashuly Suleimenov. The main goal of the research work is to present all the achievements of the scientist, to show his great contribution to the development of domestic historical science, as well as his scientific achievements and merits. The practical significance of the research topic is to evaluate the life of the founder of the Institute of Oriental Studies and his great works in the field of science, conduct an analysis and apply it in practice in the course of real scientific research. The task of the research work is the scientist academician R.B. Visit and evaluation of more than 200 large and small scientific works of Suleimenov on the problems of the history of Kazakhstan and scientific and organizational services performed by him at the Academy of Sciences, the Institute of History, Archeology and Ethnography. Sh. Valikhanova. The research method consists of naming the most important works of the scientist and briefly analyzing them. And take a closer look at his manuscripts stored in the archive, that is, at the originals of his manuscripts. The process also used materials analysis techniques. The novelty of the research result lies in the fact that several relevant points were taken into account: firstly, R.B. Based on extensive data sources, Suleimenov's life and scientific traces in science were comprehensively examined. Secondly, an analysis of the scientist's individual research activities was carried out.

Key words: R. B. Suleimenov, his life, creativity, scientific and organizational activities.

Автор туралы мәлімет:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, Шымкент, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Исабек Баршагуль Кашкиновна, кандидат исторических наук, доцент, Южно-Казахстанский государственный педагогический институт, Шымкент, Казахстан.

Information about autor:

Isabek Barshagul Kashkinovna, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, South Kazakhstan State Pedagogical Institute, Shymkent, Kazakhstan.